

5. Мартынова М.Д. Управление процессом профессионального и культурного становления студентов через институт кураторства // Университетское управление: практика и анализ. – 2004. – № 5–6.

6. Эффективная организация кураторской деятельности: учеб.-метод. пособ. / Т.П. Царатина, Т.А. Ульрих, И.В. Никулина. – Пермь: Изд-во Перм. гос. техн. ун-та, 2010. – 147 с.

\*\*\*

*В статье представлен опыт организации воспитательной работы со студентами Западно-Казахстанского государственного университета, также предлагается ознакомление с некоторыми теоретическими основами деятельности куратора вуза.*

*Методические материалы статьи адресованы преподавателям высших учебных заведений, кураторам студенческих академических групп.*

\*\*\*

*The article presents the experience in organization of educational work with students of West Kazakhstan State University, also introduction to some of theoretical basics of activities of a curator of an institute of higher education is offered.*

*Methodical materials of the article are addressed for attention of lecturers of institutes of higher education, curators of student academy groups.*

ӘОЖ 028.5

**Зейнетова Д.Б.**

*магистр, оқытушы, АқМПИ (Ақтөбе қ.)*

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

Тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткізуді сөйлеу деп атайды. Сөйлеу – пікір алысу процесінде жеке адамның белгілі тілді пайдалануы. Бір тілдің өзінде сөйлеудің сан алуан формалары болуы мүмкін. Сөйлеу жеке адамдардың арасындағы өзара түсінуді реттестіру үшін, пікір алысу үшін қызмет етеді. Сөйлеу процесі арқылы адам өзінің білімін, практикалық тәжірибесін байытып қана қоймай, сонымен қатар ғасырлар бойы жинақталған қоғамдық тәжірибені меңгеруге де мүмкіндік алады. Ойдың тілі - сөз. Бір сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз [1].

Адамға тән сөйлеу әрекетінде екі сипат болуы шарт. Бұларсыз сөйлеу өзінің қызметін дұрыстап атқара алмайды. Мұның біріншісі – сөйлеудің мазмұндылығы, екіншісі – оның мәнерлігі делінеді. Сөйлейтін сөзде мазмұн болмаса, ол өзіндік мәнін жояды. Сөздің мазмұндылығы дегеніміз - екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындығы. Ойы саяз кісі бос сөзді болады, оның сөзі де айқын, таза болмайды.


Сөздің мәнерлігі дегеніміз – адамның сөйлеу кезіндегі эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни әрбір сөйлемді өзінің сазымен айта алуы. Халық жақсы сөйлейтін адамдарды «сөзі мірдің оғындай екен» дейді. Мәнерлі сөйлей білудің мұғалімдік мамандық үшін маңызы зор. А.С.Макаренко бұл жөнінде: «Балалар сіздің сөзіңізден өзіңіздің еркінізді, сіздің мәдениетіңізді, сіздің жеке ерекшелігіңізді сезіне алатындай болуы керек», - дейді.

Сөйлеу дегеніміз – тілді қатынас жасау процесінде өз ойын басқаларға білдіру, басқаның ойын білу мақсатында қолдану деген сөз. Сөйлеу тілдік материалдар арқылы болады және тілдік заң-ережелерге, тілдік нормаға бағынады. Тіл мен сөйлеу бір-бірінен ажырамас бірлікте. Тілсіз сөйлеу жоқ та, сөйлеу жоқ жерде тіл жоқ.

Тіл мен сөйлеуді ғалымдар кейде бірге алып қарастырса, кейде екеуін де бөлек құбылыс деп таниды. Мәселен, немістің көрнекті лингвисті Вильгельм Гумбольдт пен орыс лингвисті И.Э.Бодуэн де Крутенэ тіл мен сөйлеуді жеке-жеке ажырата келіп, олардың адамның ойы мен қарым-қатынасына байланысты қажеттіліктен туған процесс деп қарастырады.

Қазақ лингвистикасында тіл мен сөйлеуге қатысты мәселелерді анықтап, олардың айырмашылықтарын көрсетуге тырысқан тілші Т.Р.Қордабаев: «Сөйлеу дегеніміз – тілді қатынас жасау процесінде өз ойларын басқаларға білдіру, басқаның ойын білу мақсатында қолдану деген сөз» - дей келіп, - сөйлеу тілдік материалдар арқылы болады және тілдік заң-ережелерге, тілдік нормаға бағынады. Тіл мен сөйлеу - бір-бірінен ажырамас бірліктер» - деп, тіл мен сөйлеудің ара қатысын орыс лингвистерінің көзқарастарына байланысты баяндайды.

Психологияда сөйлеуді екі түрге бөледі. Оны төмендегі сызбадан байқауға болады:



Диалогты сөйлеу – ең табиғи пікір алысу түрі, бір-бірін түсінудің негізі. Адамдар арасындағы қарым-қатынас шарты, адам тілінің қажетті құралы.

Диалог екі не одан да көп адамның арасындағы тіл арқылы жасалатын қатысым үрдісі болғандықтан, оның ауызша сөйлесу, ауызекі тіл тұрғысынан өзіндік белгілері және түрлері бар:

- 1.Диалог адамдардың тікелей бетпе-бет қарым-қатынас жағдайында өтеді.
- 2.Диалогқа қатысушылар таныс адамдарда, таныс емес адамдарда бола береді.
- 3.Диалогтың тақырыбына шек қойылмайды.
- 4.Диалог өмірдің барлық саласынан орын алады.
- 5.Диалог – күнделікті өмірде кез келген адамның арасында бола беретін қатысым.
- 6.Диалог дайындықсыз өтетін тілдік қатысым.
- 7.Диалог адамдардың бір мезгілде бір-бірімен кезек-кезек ауысып сөйлесуі арқылы жүзеге асады.
- 8.Диалог ауызша сөйлесуге жатады.
- 9.Диалогқа қатысушылардың тез сөйлеуіне, тез жауап беруіне байланысты ойдың қысқа айтылуы, жеткізілуі тән қасиет, жеткізілмей қалған пікірді контекст, тілсіз құралдар жеткізеді.
- 10.Диалог шындық өмірдегі қандай да болсын бір жағдаймен байланысты туады.

Монологты сөйлеу – бір адамның өз ойын, білімін ұзақ уақыт жүйелей, сабақтай баяндауы. Монологты сөйлеудің формалары: баяндама жасау, сөз сөйлеу, әңгіме, лекция, микрофон және телевизия камерасы алдында сөз сөйлеу.

Монологты сөйлеуде айтылуға тиісті ой-пікір толық сипатталып, ұзағынан айтылады, әрбір жәйт пен жағдай тыңдаушыларға жете түсіндіріледі. Соған орай ол жүйелі, дауыс ырғақты, екпінді, бет, дене құбылыстары мен қимыл-қозғалыстар арқылы қажетті сөздерді өзгелерге жеткізудің әдіс-тәсілдерін қамтиды.

Монологты сөйлеуде диалогты сөйлесуге қарағанда сөздің мағыналық жағы анағұрлым елеулі түрде өзгеріске ұшырайды. Монологты сөйлеу – байланысты, тұжырымды болып келеді. Монолог логикалық ойға қойылатын дәйектілік, дәлелділік сияқты талаптарға бағынады. Бұл ойдың байланыстылығын қамтамасыз ететін бірінші шарт болып табылады. Бұл шартпен тығыз байланысты екінші шарт – сөйлемдерді грамматикалық жағынан мүлтіксіз жатық құру.

Диалогты сөйлеуде аяқталмаған ой, екі ұшты қолданылған сөздер онша ағарылмайды. Өзара қарым-қатынас жағдайы бұл кемшіліктерді жуып-шайып жібереді. Ал монолог ой жүйесінің дұрыс құрылмауын көтермейді.

Монологтың анағұрлым байырғы алғашқы түрі – ауызша әңгіме. Әңгімеде сөйлеуші өзінің көрген-білгендерін, естіген немесе көңілінде түйген жайларды бұдан бейхабар тыңдаушыларға суреттей айтып береді.

Үнсіз сөйлеу – адамның практикалық іс-әрекеті мен теориялық ой-пікірі жоспарланып, белгілі жүйеге салыну. Мұнда ой талқысы, талдау сияқты әрекеттер болады. Іштей сөйлеуде адамның ерні жыбырлап, тілі қозғалады, дыбыс сыртқа шықпайды.

Психолог Т.Тәжібаев: «Ауызша сөз бен жазбаша сөздің арасында үлкен айырмашылықтар бар. Ол айырмашылықтар балалар тілінде айқын көрінеді, - дей келіп, - бұл айырмашылықтардың себебі жазба сөздің өзгешелігінде, оның механикалық құрылысының күрделігінде» дегенді айтады. Жазып сөйлегенде логикалық байланыс күшті сақталады. Бұл сөйлеудің ерекшеліктері:

1. Жазған кезде ым-ишара қолданылмайды.
  2. Грамматикалық ережелерді қатаң сақтау ескертіледі.
  3. Күрделі ой жұмысын қажет етеді.
- Баланың сөйлеу тілінің дамуына негізгі үш фактор әсер етеді:

1. Тұқымқуалаушылық.
2. Орта.
3. Тәрбие.

Баланың жасы өскен сайын психикасы да өседі, сөйлеу мотивтері де күрделеніп отырады. Сөйлеу әрекеті төрт фазадан тұрады:

1. Бағыттау (сөйлеуге даярлық).
2. Жоспарлау (сөйлеу мазмұнын құру).
3. Орындау (жүзеге асыру).
4. Тексеру (бақылау сатысы).

Сөйлесу үшін қатынасу шарттарының бағытын білуіміз керек. Одан кейін айтылатын сөзді дұрыс жоспарлау керек. Келесі фазада қатынасудың мазмұнына байланысты орындау болады. Орындау кезінде ойынды дұрыс жеткізе білу тиіс, төртіншіден, кері байланысты қамтамасыз ете білу қажет. Егер осы байланыстың түйіні бұзылса, сөйлесуші қатынасу нәтижесіне жетпейді [2.65].

Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту мәселелерімен айналысқан Ә.Жүнісбек, С.Рахметова, Р.Әміров сияқты ғалымдардың ғылыми-әдістемелік еңбектерінде арнайы зерттелінді. Оқушыға білім беру барысында сөйлеу тілінің дамуы үшін ғалым-әдіскерлер төмендегідей жағдайды қалыптастыруды ұсынады.

1. Тіл даму үшін бала міндетті түрде үлкен адамдармен сөйлеу қарым-қатынасында болуы шарт.

2. Үлкендердің сөйлегенін түсіну үшін баланың реакциясы болуы тиіс және оны эмоциялық түрде қабылдауы керек.

3. Басқа адамдардың сөзін түсінуден баланың өзінің сөйлеу процесі өте кеш қалыптасатынын ескеру қажет.

4. Баланың сөйлеу тілінің жетілуі – оның өзінің сөйлеуінде тілдің грамматикалық және синтаксистік түрлерін дұрыс қолдана бастауы.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту үшін жүргізілетін тапсырмалар оқушының білімін дамытушы және әдістемелік міндеттерді жүзеге асырушы. Бұған қойылатын талаптар мынадай:

1. Мұғалім тапсырма құрылатын сынып бағдарламасын, мемлекеттік стандартты, базалық оқу жоспарын толық білуі тиіс.

2. Оқушының физио-психологиялық ерекшелігі, қабілеті, білім деңгейі назарға алынғаны жөн.

3. Тапсырмалар қызықты, баланың ойлау қабілетін дамытатын, көркемдігі жоғары, тілі түсінікті болуы қажет.

Оқушылардың ауызекі сөйлеуі мен ойын жазбаша беру біліктерін арттыру және әр түрлі тілдік талдаулар жасау, біліктерін қалыптастыру үшін бағдарламаға «Тіл және сөйлеу», «Сөйлеу мәдениеті» сияқты бөлімдер енгізілді. Бұл бөлімдер мазмұны сыныптан сыныпқа көшкен сайын күрделеніп отырады [3,14].

Сөзімізді қорытындылай келе, оқушылардың сөйлеу тілін дамыту үшін төмендегідей ұсыныстар айтуға болады:

1. Оқушының сөздік қорын молайтып, сөйлеу тілін дамытатын көркем суреттерді қолдану.

2. Кейіпкерлер бейнесінде жағдаяттылық диалогқа құрылған ойындарды ұйымдастыру.

3. Оқушылардың сөйлеу тілін дамытумен қатар танымдық белсенділігін арттыратын тірек-сызбаларды пайдалану.

4. Оқушыларға берілетін тапсырмаларда тірек-сызбалар, ребустар, қызықты грамматикалық тапсырмалар, көркем суреттермен, т.б. сөйлеу тілін дамытатын жұмыстардың болуы.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Уәйісова Г.И. Қазақ тілі. - Алматы: Атамұра, 2001.
2. Нұржан Ж. Қазақ тілін оқыту технологиясы. - Алматы, 2003.
3. Құлмағамбетова Б., Исанова А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы, 2000.
4. Әбділманова С. Көрнекілікке сүйенемін. //Бастауыш мектеп, 1983, №5.
5. Әуелбаев Ш. Бастауыш класта оқыту методикасы. - Алматы, 1987.
6. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: 2005. – 170б.

\*\*\*

*В этой статье говорится о проблемах развития речи школьников.*

\*\*\*

*In this article speaks about problems of progress of speech of students.*

ӘОЖ 159.9.01

*Қайырғалиев Т.Қ. - оқытушы,  
Үмбетова Г.М. - оқытушы,  
М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

#### **ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Адам өзі ғұмыр кешіп отырған дүниені өзінің бойындағы біртіндеп қалыптасатын жеке белсенділігі арқылы таниды.

Осындай жеке адамның өзіндік психикалық өміріндегі аса маңызды сапасы болып саналатын қоғамдық белсенділігінің ілкі бастауы ойын болып табылады.